

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын тарату және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» мемлекеттік мекемесін филиалдарымен бірге құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 2158 Қаулысы
«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - кәсіпорын) **т а р а т ы л с ы н .**

2. Орналасқан жері Астана қаласы болып белгіленіп Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мекеме) және осы қаулыға қосымшаға сәйкес оның облыстардағы филиалдары **қ ұ р ы л с ы н .**

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті заңнама белгіленген тәртіппен:

1) мекеменің жарғысын бекітуді және әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді **қ а м т а м а с ы з** **е т у д і ;**

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, таратылатын кәсіпорынның кредит берушілерінің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлікті мекемеге беруді **қ а м т а м а с ы з** **е т с і н ;**

3) осы қаулыны іске асыру бойынша өзге де шараларды қабылдасын.

4. Мекеме қызметінің негізгі мәні:

1) ветеринария саласындағы уәкілетті орган бекітетін тізбеге енгізілген жануарлардың аса қауіпті ауруларының ошақтарын жою;

2) ветеринариялық бақылау бекеттерінде көлік құралдарын дезинфекциялау;

2-1) «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 32-бабының 1-1-тармағына сәйкес процессингтік орталықтың функциялары;

3) мемлекеттік органдардың шешімімен жануарлардың аса қауіпті ауруларымен

ауыратын жануарларды алып қою және жою;

4) ветеринариялық препараттардың республикалық қорым сақтау болып а й қ ы н д а л с ы н .

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.09.2015 № 803 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

5. Мекемені қаржыландыру тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

6. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

7. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 2, 3, 4, 5 және 6-тармақтарды қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9 ж ы л ғ ы 2 1

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 2 1 5 8 қ а у л ы с ы н а

қосымша

«Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» мемлекеттік мекемесінің облыстық филиалдарының ТІЗБЕСІ

Р/с №	Филиалдың атауы	Орналасқан жері
1	«Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» ММ Ақмола филиалы	Көкшетау қаласы
2	«Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» ММ Ақтөбе филиалы	Ақтөбе қаласы
3	«Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» ММ Алматы филиалы	Алматы қаласы
4	«Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» ММ Атырау филиалы	Атырау қаласы
5	«Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» ММ Шығыс Қазақстан Қазақстан филиалы	Семей қаласы
6	«Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» ММ Жамбыл филиалы	Тараз қаласы
7	«Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» ММ Батыс Қазақстан филиалы	Орал қаласы
8	«Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» ММ Қарағанды филиалы	Қарағанды қаласы
9	«Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» ММ Қостанай филиалы	Қостанай қаласы
10	«Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» ММ Қызылорда филиалы	Қызылорда қаласы
11	«Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» ММ Маңғыстау филиалы	Ақтау қаласы
12	«Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» ММ Павлодар филиалы	Павлодар қаласы

13	«Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» ММ Солтүстік Қазақстан филиалы	Петропавл қаласы
14	«Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» ММ Оңтүстік Қазақстан филиалы	Шымкент қаласы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9 ж ы л ғ ы 2 1 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 2 1 5 8 қ а у л ы с ы н а

қ о с ы м ш а

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.
2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.05.2014 № 563 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).
3. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 наурыздағы № 164 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 7, 82-құжат):
көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:
«1. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар» деген бөлімде:
1 - тармақ алынып тасталсын;
«Мемлекеттік мекемелер» деген 2-бөлім мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:
«9. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің «Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» мемлекеттік мекемесі».
4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.
5. «Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында:
көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелеріндегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:
реттік нөмірі 6 - жолда:
3-бағанда «13135», «5119» деген сандар тиісінше «13335», «5339» деген сандармен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«Ветеринариядағы мониторинг, референция, зертханалық диагностика және әдіснама ұлттық орталығы 84» деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» 220».

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ